

"Объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге үміткер заңды тұлғаларды аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 қарашадағы № 700 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 27 қарашада № 12322 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2021 жылғы 11 тамыздағы № 431 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 11.08.2021 № 431 (лғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса берілген "Объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге үміткер заңды тұлғаларды аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

2. Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев

"Объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге үміткер заңды тұлғаларды аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. "Объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге үміткер заңды тұлғаларды аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады:

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілген қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күнді құрайды;

2) көрсетілетін қызмет алушының құжаттар пакетін тапсыру үшін күтуге рұқсат етілетін ең көп уақыт – 20 (жиырма) минут;

3) көрсетілетін қызмет алушыға қызмет көрсетуге рұқсат етілетін ең көп уақыт – 20 (жиырма) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аккредиттеу туралы куәлік беру, растау қайта ресімдеу (бұдан әрі – куәлік) не осы стандарттың 10 тармағына көзделген жағдайлар және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен

басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін;

Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш қабылдау және нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 17.00-ға дейін жүзеге асырылады;

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі.

9. Қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) куәлік алу кезінде:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сараптамалық ұйымның сарапшылары туралы мәліметтер, олардың жеке басын куәландыратын құжаттардың, аттестаттарын және еңбек шартының нотариат куәландырған көшірмелері.

Көрсетілетін қызметті алушы салыстырып тексеру үшін құжаттың түпнұсқасын ұсынған жағдайда, құжаттарды нотариаттың куәландыруы талап етілмейді;

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншік құқығы немесе өзге де заңды негізде өндірістік базаның болуы туралы мәліметтер, мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша материалдық-техникалық жарактандыру туралы мәліметтер, мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 6-қосымшасына сәйкес жобалар сараптамасының сапасын бақылау жүйесі туралы мәліметтер, мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нормативтік-анықтамалық және әдіснамалық әдебиет туралы мәліметтер.

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 1-тармақшасында көзделген материалдар мен құжаттардан басқа куәліктің жарамдылығын растау кезінде, қосымша мынадай құжаттар ұсынылады:

оң және теріс қорытындылармен, және жобалардың атауларын және сатыларын, олардың тапсырыс берушісі мен әзірлеушісін көрсете отырып, құрылыс жобалары бойынша өткен кезеңге берілген сараптамалық қорытындылар туралы ақпарат;

сараптамалық ұйымдар сарапшыларының біліктілігін арттыру, біліктілік арттыру курстарынан немесе арнайы семинарлардан өту фактісін растайтын құжаттардың көшірмелері;

Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген, аталған заңды тұлғаға және/немесе сарапшыға қатысты қолданылған жауапкершілік шаралары туралы мәліметтер.

Аккредиттеу туралы куәлікті растайтын құжаттар куәлікті растау мерзімі өткенге дейін бір ай бұрын беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушіге ұсынылған құжаттардың қабылдануын растау оның көшірмесіндегі құжаттар пакетін қабылдау күні мен уақыты көрсетілген кеңседе тіркеу туралы белгісі болып табылады.

10. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тартудың негіздемесі: көрсетілетін қызметті алушының құрамында жобаның негізгі бөлімдеріне сәйкес мамандандырулар бойынша аттестатталған сарапшылардың бестен аз болуы; сараптама ұйымының штатында тұрған сарапшының қызметті жүзеге асыруы болып табылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 17.06.2016 № 267 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, немесе 010000, Астана қаласы, Орынбор көш., 10, Министрліктер үйі, 10 кіреберіс, телефон: 8 (7172) 74-19-28, 74-19-45 мекенжайы бойынша Министрлік басшысының атына шағым беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы беріледі, не көрсетілген қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі және орны көрсетілген тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Заңды тұлғаның шағымында оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтініш көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Әкімдіктің, Комитеттің немесе Министрліктің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды

қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы не болмаса көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгіну құқығы бар.

4. Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.kds.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қол жеткізу режимінде Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері

жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алуға мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің www.kds.gov.kz. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: (1414).

"Объектілер құрылысының
жобаларына ведомстводан тыс
кешенді сараптама жүргізуге үміткер
заңды тұлғаларды
аккредиттеу" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

Нысан

АККРЕДИТТЕУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

№ 00000

Осы аккредиттеу туралы куәлік

(заңды тұлғаның атауы)

—,

(мекенжайы)

мемлекеттік сараптама ұйымдары жүргізетін және Қазақстан Республикасының заңнамасымен мемлекеттік монополияға жатқызылған объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптаманы қоспағанда, құрылысқа арналған жобалардың (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттамалар) ведомстводан тыс кешенді сараптаманы жүргізу құқығын жүзеге асыруға берілді

АККРЕДИТТЕЛДІ

және аккредителген сараптама ұйымдарының тізіліміне енгізілді.

Көрсетілетін қызметті

берушінің басшысы _____

(қолы) (Тегі аты әкесінің аты

(ол бар болған жағдайда)

М.О.

Жарамдылық мерзімі _____ дейін

(күні)

_____ қаласы " __ " _____ 20__ ж.

"Объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге үміткер заңды тұлғаларды аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

Нысан

ӨТІНШІ

—

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

—

(заңды тұлғаның толық атауы, БСН деректемелері)

Құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптаманы жүзеге асырушы сараптамалық ұйым ретінде аккредиттеуді өтінемін

Мекенжайы _____

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үй нөмірі, телефон, факс, e-mail)

Банк шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Филиалдар (өкілдіктер, объектілер, пунктер, учаскелер) _____

(орналасқан орны және деректемелері)

Қоса берілетін құжаттар:

_____ парақ қоса беріледі.

Осымен:

барлық көрсетілген деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға куәлік беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез-келген ақпарат жіберілетіні;

өтініш берушіге қызметтің аталған түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмағаны;

барлық қоса берілген құжаттардың шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатыны расталады;

Басшы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда))

Мөр орны Толтыру күні: " __ " _____ 20__ жыл

"Объектілер құрылысының
жобаларына ведомстводан тыс
кешенді сараптама жүргізуге үміткер
заңды тұлғаларды
аккредиттеу" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
3-қосымша

Нысан

Сараптамалық ұйымның сарапшылары туралы мәліметтер

			Жұмыс өтілі		

№ р/с	Лауазымы	Т.А.Ә.(ол бар болған жағдайда)	Мамандығы бойынша	Атқаратын лауазымы бойынша	Оқу орны, бітірген жылы, диплом бойынша біліктілігі көрсетілген білімі	Аттестаттың нөмірі мен берілген күні

_____ парақ қоса беріледі.

Осымен:

барлық көрсетілген деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға куәлік беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез-келген ақпарат жіберілетіні;
өтініш берушіге қызметтің аталған түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмағаны;
барлық қоса берілген құжаттардың шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатыны расталады;

Басшы _____

_____ (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)

Мөр орны Толтыру күні: " __ " _____ 20__ жыл

"Объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге үміткер заңды тұлғаларды аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымша

Нысан

Меншік құқығы немесе өзге де заңды негізде өндірістік базаның болуы туралы мәліметтер

№ р/с	Өндірістік базаның функционалдық құрамдас бөліктері	Ауданы	Меншік құқығын немесе өзге де заңды негізді куәландыратын құжат	Мекенжайы

Ескерту: ұсынылатын материалдар мен құжаттарға бірінші басшы кол қояды және олар мөрмен расталады.

_____ парақ қоса беріледі.

Осымен:

барлық көрсетілген деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға куәлік беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез-келген ақпарат жіберілетіні;
өтініш берушіге қызметтің аталған түрімен және (немесе) кіші

түрімен айналысуға сот тыйым салмағаны;
барлық қоса берілген құжаттардың шындыққа сәйкес келетіні және
жарамды болып табылатыны расталады
Басшы _____

_____ (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда))

Мөр орны Толтыру күні: " __ " _____ 20__ жыл

"Объектілер құрылысының
жобаларына ведомстводан тыс
кешенді сараптама жүргізуге үміткер
занды тұлғаларды
аккредиттеу" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
5-қосымша

Нысан

Материалдық-техникалық жарақтандыру туралы мәліметтер

№ р/с	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Пайдалану мерзімі	Сипаттамасы (маркасы, қуаттылығы) сапалық құрамы	Ескерту

Ескерту: ұсынылатын материалдар мен құжаттарға бірінші басшы қол қояды және олар мөрмен расталады.

_____ парақ қоса беріледі.

Осымен:

барлық көрсетілген деректердің ресми байланыстар болып
табылатыны және оларға куәлік беру немесе беруден бас тарту
мәселелері бойынша кез-келген ақпарат жіберілетіні;
өтініш берушіге қызметтің аталған түрімен және (немесе) кіші
түрімен айналысуға сот тыйым салмағаны;
барлық қоса берілген құжаттардың шындыққа сәйкес келетіні және
жарамды болып табылатыны расталады
Басшы _____

_____ (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда))

Мөр орны Толтыру күні: " __ " _____ 20__ жыл

"Объектілер құрылысының
жобаларына ведомстводан тыс
кешенді сараптама жүргізуге үміткер
занды тұлғаларды

Нысан

Жобаларға сараптама жүргізу сапасын бақылау жүйесі туралы мәліметтер

Сапа қызметіне жауапты тұлғаның Т.А.Ә.(ол бар болған жағдайда), лауазымы. Бұйрық № көрсету.
Есептеулерді және жобалардың графикалық бөлігін тексеру үшін ұйымдастыру техникасының және ЭЕМ-нің болуы
Нормативтік-техникалық әдебиеттің болуы. Жобалау-сметалық құжаттаманы тексеруді ақпараттық қамтамасыз ету (толық атап көрсету)
Сараптамалық жұмыстың сапасы бойынша жарнамалаудың болуы. Қолданылған шаралардың тиімділігі.

_____ парақ қоса беріледі.

Осымен:

барлық көрсетілген деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға куәлік беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез-келген ақпарат жіберілетіні;
өтініш берушіге қызметтің аталған түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмағаны;
барлық қоса берілген құжаттардың шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатыны расталады

Басшы _____

_____ (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)

Мөр орны Толтыру күні: " __ " _____ 20__ жыл

"Объектілер құрылысының
жобаларына ведомстводан тыс
кешенді сараптама жүргізуге үміткер
заңды тұлғаларды
аккредиттеу" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
7-қосымша

Нысан

Нормативтік-анықтамалық және әдіснамалық әдебиет туралы мәліметтер

№ р/с	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Ескерту

_____ парақ қоса беріледі.

Осымен:

барлық көрсетілген деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға куәлік беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез-келген ақпарат жіберілетіні;
өтініш берушіге қызметтің аталған түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмағаны;
барлық қоса берілген құжаттардың шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатыны расталады

Басшы _____

_____ (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда))

Мөр орны Толтыру күні: " __ " _____ 20__ жыл